Әділет

**Авиациялық оқу орталықтары мен авиация персоналының қызметтері саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 518 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 маусымда № 11401 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 527 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2020 № 527 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығының сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдарының интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2)

және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Инвестициялар және даму министрі* *Ә. Исекешев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
____________ Е. Досаев
2015 жылғы 22 мамыр

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 518 бұйрығына
1-қосымша

## "Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. "Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі ( бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 12.09.2019 № 430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.12.2018 № 891 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні;

Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) порталға жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.12.2018 № 891 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (жартылай автоматтандырылған)/қағаз түрінде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) авиация персоналына берілетін куәлік (бұдан әрі – куәлік);

2) жоғалған, ұрланған немесе бүлінген жағдайда куәлікті және/немесе оған қосымша парақты қайта жасау;

3) осы мемлекеттік қызмет көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап стандартының 9-1-тармағында.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық/ қағаз түрінде.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру электрондық кезекті тәртібімен, жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы "броньдауға" болады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 12.09.2019 № 430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін түскі үзіліссіз;

мемлекеттік қызмет электрондық кезекті тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы "броньдауға" болады;

2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.12.2018 № 891 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның уәкілетті өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі):

1) Мемлекеттік корпорацияға:

ұшу экипажының мүшелері куәлік алу үшін:

ұшқыш – жеке ұшқыш (ұшақ, тікұшақ, дирижабль немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), коммерциялық авиация ұшқышы (ұшақ, дирижабль, тікұшақ немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), көп мүшелі экипаж ұшқышы (ұшақ), авиакомпанияның желілік ұшқышы (ұшақ, тікұшақ немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің):

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1 - қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеңіл және аса жеңіл әуе кемелерінің (бұдан әрі – ӘК) ұшқышы:

жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетілген (бұдан әрі - ЖСН) ерікті нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;

штурман:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2 - қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

борт инженері:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3 - қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

авиациялық оқу орталығын (бұдан әрі – АОО) немесе авиациялық оқу орнын аяқтағаны туралы құжаттардың көшірмелерін;

кешенді тренажердағы (LPC) соңғы тексеру нәтижелері туралы актінің ( нысанның) көшірмесін, ұшуды тексеру актісін;

осы стандартқа 4 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық авиация ұйымының қолымен және мөрімен (бар болған жағдайда) расталған ұсыным ( ұшу экипажының мүшелеріне);

"5) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (шетел азаматтары үшін Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі "Нотариат туралы" Заңының 80-бабына сәйкес құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі);

екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт, фотоға қараған жақтан оң жағында бұрышы бар, мөлшері 3,5 х 4,5 см);

тиісті медициналық қорытындының көшірмелерін;

радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге тестілеуден өтуін растайтын сертификат көшірмесін (халықаралық ұшуларды орындайтын ұшу экипажының мүшелері үшін);

"Қауіп пен қателіктер факторларын бақылау принциптерін қоса алғанда, адам мүмкіндіктері" курсынан өтуін растайтын құжаттың көшірмелерін;

ұшу кітапшасынан үзінділердің көшірмелерін (мемлекеттік авиациядан келгендер үшін);

толтырылған сәйкестік парағын, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әскери есепке алу есебін ( мемлекеттік авиациядан келгендер үшін);

ұшу экипажының мүшелері куәлігінің түпнұсқасын (ұшу экипажы мүшелерінің куәлігі бүлінген жағдайда) ұсынады.

Куәлікті ұзарту үшін ұшу экипажының мүшелері:

ұшқыш – жеке ұшқыш (ұшақ, тікұшақ, дирижабль немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар ӘК), коммерциялық авиация ұшқышы (ұшақ, дирижабль,

тікұшақ немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар ӘК), көп мүшелі экипаж ұшқышы (ұшақ), авиакомпанияның желілік ұшқышы (ұшақ, тікұшақ немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар ӘК):

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеңіл және аса жеңіл ӘК ұшқышы:

ЖСН көрсетілген ерікті нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;

штурман:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2 – қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

борт инженері:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3 – қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

кешенді тренажердағы (LPC) соңғы тексеру нәтижелері туралы актінің ( нысанның) көшірмесін, ұшуды тексеру актісін;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4 – қосымшасына сәйкес нысан бойынша азаматтық авиация ұйымының қолымен және мөрімен (бар болған жағдайда) расталған ұсыным (ұшу экипажының мүшелеріне);

теориялық білімдерін тексеру нәтижелері бланкісінің (нысанының) көшірмесі ;

радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге тестілеуден өтуін растайтын сертификат көшірмесін (халықаралық ұшуларды орындайтын ұшу экипажының мүшелері үшін);

"Қауіп пен қателіктер факторларын бақылау принциптерін қоса алғанда, адам мүмкіндіктері" курсынан өтуін растайтын құжат көшірмесін;

тиісті медициналық қорытындының көшірмесін;

ұшу экипажының мүшелері куәлігінің түпнұсқасын (ұшу экипажы мүшелерінің куәлігі бүлінген жағдайда) ұсынады.

Ұшу экипажының мүшелері куәлікке біліктілік және арнайы белгілерді енгізу үшін:

ұшқыш – жеке ұшқыш (ұшақ, тікұшақ, дирижабль немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар ӘК), коммерциялық авиация ұшқышы (ұшақ, дирижабль, тікұшақ немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар ӘК), көп мүшелі экипаж ұшқышы (ұшақ), авиакомпанияның желілік ұшқышы (ұшақ, тікұшақ немесе көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар ӘК):

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеңіл және аса жеңіл ӘК ұшқышы:

ЖСН көрсетілген ерікті нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;

штурман:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

борт инженері:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

мамандығы бойынша соңғы рет уақыты бойынша қайта даярлау немесе біліктілігін қолдау курстарынан өткендігін растайтын құжаттардың көшірмелерін ;

кешенді тренажердағы (LPC) соңғы тексеру нәтижелері туралы актінің ( нысанның) көшірмесін, ұшуды тексеру актісін;

инструктор ретінде соңғы рет уақыты бойынша даярлау курстарынан өткендігін және ұшу тексерісінің (қажет болғанда) нәтижелерін растайтын құжаттардың көшірмесін;

радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге тестілеуден өтуін растайтын сертификат көшірмесін ұсынады.

Әуе қозғалысының диспетчері куәлік алу үшін:

ЖСН көрсетілген ерікті нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;

АОО-ны немесе авиациялық оқу орнын аяқтағаны туралы құжаттардың көшірмесін және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Біліктілік емтиханын өткізу хаттамасының көшірмесін;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша азаматтық авиация ұйымының қолымен және мөрімен (бар болған жағдайда) расталған ұсыным (ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдан басқа, басқа авиациялық персонал үшін);

екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт, фотоға қараған жақтан оң жағында бұрышы бар, мөлшері 3,5 х 4,5 см);

тиісті медициналық қорытындының көшірмесін;

"Қауіп пен қателіктер факторларын бақылау принциптерін қоса алғанда, адам мүмкіндіктері" курсынан өтуін растайтын құжаттың көшірмелерін;

куәліктің түпнұсқасын (куәлік бүлінген жағдайда) ұсынады.

Әуе қозғалысының диспетчері куәлікті ұзарту үшін:

ЖСН көрсетілген ерікті нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Біліктілік емтиханын өткізу хаттамасының көшірмесін;

куәліктің түпнұсқасын;

тиісті медициналық қорытындының көшірмесін;

мамандығы бойынша соңғы рет уақыты бойынша біліктілігін қолдау курстарынан өткендігі туралы құжаттардың көшірмелерін;

"Қауіп пен қателіктер факторларын бақылау принциптерін қоса алғанда, адам мүмкіндіктері" курсынан өтуін растайтын құжаттың көшірмелерін ұсынады.

Әуе қозғалысының диспетчері, ұшуды/ұшу диспетчерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер, авиациялық станция операторы куәлікке біліктілік және арнайы белгілерді енгізу үшін:

еркін түрде жазылған өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша біліктілік емтиханын өткізу хаттамасының көшірмесін (әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчері үшін);

инструктор ретінде соңғы рет уақыты бойынша даярлау курстарынан өткендігін растайтын құжаттардың көшірмелерін (әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчері үшін);

куәліктің түпнұсқасын;

мамандығы бойынша соңғы рет уақыты бойынша біліктілігін қолдау курстарынан өткендігі туралы құжаттардың көшірмелерін;

радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге тестілеуден өткенін растайтын сертификаттың көшірмесін (қажет болғанда) ұсынады.

ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлік алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне өтініш;

сертификаттың немесе диплом берілген күнінен бастап өту мерзімі 10 жылдан, ал мемлекеттік авиация қызметін бітіргеннен соң азаматтық авиацияда ӘК техникалық қызмет көрсету куәлігін алуға үміткер, мемлекеттік авиация ӘК техникалық қызмет көрсету саласындағы персонал үшін – ӘК техникалық қызмет көрсету саласында үздіксіз еңбек өтілі болған жағдайда, азаматтық авиация оқу орнын бітірген күннен бастап - 15 жылдан аспайтын, модульдер түрінде бір немесе бірден көп бастапқы дайындық бағдарламасы бойынша емтихандар тапсырғанын растайтын құжаттардың көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке журналының көшірмесін;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке деректерін;

екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт, фотоға қараған жақтан оң жағында бұрышы бар, мөлшері 3,5 х 4,5 см);

сертификаттың немесе емтихан тапсырғанын растайтын дипломның берілген күнінен немесе дипломның берілген күнінен бастап өту мерзімі 10 жылдан аспайтын, бастапқы дайындық бағдарламасын өздігінен игергеннен кейін немесе модульдер түрінде ("А", "В1" немесе "В2" санаттары) бір немесе бірден көп бастапқы дайындық бағдарламасы бойынша азаматтық авиацияның оқу орталығын, авиациялық институт, авиациялық училище немесе авиациялық техникум немесе авиациялық колледжді бітіру бойынша емтихандар тапсырғаны туралы құжаттардың көшірмелерін;

"Қауіп пен қателіктер факторларын бақылау принциптерін қоса алғанда, адам мүмкіндіктері" 9А және "ӘК техникалық қызмет көрсетуге қолданылатын адамның мүмкіндіктері" 9В модулі көлеміндегі курстан өтуі туралы құжаттардың көшірмесін;

10 RK модулі көлеміндегі "Қазақстандық және халықаралық авиациялық заңнама" курсынан өткендігі туралы құжаттардың көшірмелерін;

ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің түпнұсқасын ( куәлігі бүлінген жағдайда) ұсынады.

ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлікті ұзарту үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8 - қосымшасына сәйкес нысан бойынша ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігі үшін өтініш;

ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің түпнұсқасын ұсынады (куәлігі бүлінген жағдайда).

ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал "В1" немесе "В2" санаттары бойынша "Ratings" бағанына Біліктілік белгісінің куәлігіне енгізу үшін :

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігі үшін өтініш;

ӘК түріне оқыту курсының практикалық және теориялық элементтерінен өткендігі туралы құжаттардың көшірмелерін, ал қажет болған жағдайда практикалық тағлымдамадан өту туралы жазбалар ұсынады. Егер сертификатты

техникалық қызмет көрсететін және авиациялық техниканы жөндеу жүргізетін ұйымға қатысты уәкілетті орган растаған болса, практикадан өту нәтижелері жөніндегі сертификатты ұсынуға рұқсат етіледі.

ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал "С" санаты бойынша " Ratings" бағанына біліктілік белгісін әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігіне енгізу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігі үшін өтініш;

ӘК түріне оқытудан өткенін және 3-ші деңгей бойынша ("С" санатының бірінші жазбасы үшін) оқудың теориялық бөлімінен кейін емтихан тапсырғанын растайтын сертификаттардың көшірмелерін, ал "С" санаты бойынша әрбір кейінгі жазба үшін 1-ші деңгей бойынша ӘК талап етілген түріне оқытудан өткенін дәлелдейтін (әуе кемесімен жалпы танысу курсы) сертификат ұсынады. Егер "С" санатын алатын үміткер Куәлікке енгізілген ӘК мен қозғалтқыштың сол түрінен "В1" және "В2" санаттары арқылы осы біліктілік белгісін алатын болса, онда теориялық оқудан өткендігі туралы жеке сертификат ұсыну қажет етілмейді .

Техникалық қызмет көрсету және авиациялық техниканы жөндеу жүргізетін ұйымдарында жұмыс тәжірибесін және мемлекеттік авиацияда немесе ӘК өндірісі кезінде алынған тәжірибені растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Ұшуды/ ұшу диспетчерлерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерлер, авиациялық станцияның операторлары куәлік алу үшін:

ЖСН көрсетілген ерікті нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;

өтініш берген сәттен бастап тиісті теориялық білімін, практикалық оқуын, мамандығы бойынша біліктілігін қолдау жөнінде курстардан соңғы рет өткендігін растайтын АОО және авиациялық оқу орындарын бітіргені туралы құжаттардың көшірмелерін;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 7-қосымшасына сәйкес азаматтық авиация ұйымының қолымен және мөрімен расталған объективті деректері бар ұсынымды (ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдан басқа, басқа авиациялық персонал үшін);

екі фотосурет (түрлі-түсті, күңгірт, мөлшері 3,5 х 4,5 см, фотоға қараған жақтан оң жағында бұрышы бар);

"Қауіп пен қателіктер факторларын бақылау принциптерін қоса алғанда, адам мүмкіндіктері" курсынан өтуін растайтын құжаттың көшірмесін;

куәліктің түпнұсқасын (куәлік бүлінген жағдайда) ұсынады.

Ұшуды/ ұшу диспетчерлерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерлер, авиациялық станцияның операторлары куәлік алу үшін:

ЖСН көрсетілген ерікті нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;

мамандығы бойынша соңғы рет уақыты бойынша біліктілігін қолдау курстарынан өткендігін растайтын құжаттардың көшірмелерін;

куәліктің түпнұсқасын;

"Қауіп пен қателіктер факторларын бақылау принциптерін қоса алғанда, адам мүмкіндіктері" курсынан өтуін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру жеке куәлікті (немесе нотариалдық куәландырылған сенімхаты бойынша оның өкілі) көрсеткен кезде қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді;

көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші дайын құжаттарды бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді;

2) порталда:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері ұсынылады.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік корпорация қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде- көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағымен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты береді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.12.2018 № 891 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Көрсетілетін қызметті берушілер мынадай негіздер бойынша:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 маусымдағы № 362 бұйрығымен бекітілген авиация персоналының куәлігін алу үшін адамға қойылатын біліктілік талаптарға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7058 болып тіркелген), сонымен қатар Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 750 бұйрығымен бекітілген авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8782 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764 бұйрығымен бекітілген ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8785 болып тіркелген) сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болғанда;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімі болғанда, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылғанда бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Ескерту. 2-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті

**берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне**
**(әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, электрондық поштаның мекенжайы: қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 75-48-02.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда, немесе көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол жұмыс күндері беріледі.

Шағымның қабылданғанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу ( мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 12.09.2019 № 430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.miid.gov.kz ("Азаматтық авиация комитеті" бөлімінің " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) интернет-ресурсында орналастырылған.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 12.09.2019 № 430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-48-02, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша
Нысан

## Ұшқыш куәлігінің немесе біліктілік белгісінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| 1. Өтініш берушінің ақпараты (Өтініш беруші толтырады) |
|---|
| Лауазымы………………….. Аты …………….. Тегі…………………………………. Туған күні (күні, айы, жылы) ………………… Ұлты………………………… Туылған жері ………………………………… Елі …………………………… Тұрақты мекенжайы ……………………………………………………………………… …………………………………………………Пошталық индексі………………………… Телефон нөмірі ……………………….. Баламалы телефон нөмірі……………………….. E-mail:………………………………………………………………………………………… ЖСН……………………… Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін. 20 __ жылғы ____________"____" _________________ (қолы) |
| 2. Хат-хабарлар жіберу үшін мекенжай (Өтініш беруші толтырады) |
| Пошталық мекенжайы ……………………………………………………………………… |
| ……………………………………………Пошталық индексі…………………….. |
| 3. Медициналық жарамдылық (Өтініш беруші толтырады) |

| Медициналық сертификаттың класы | Соңғы медициналық тексерілу күні | Мерзімінің аяқталу күні | Тек уәкілетті орган үшін |
|---|---|---|---|
| | | | |

| 4. Уәкілетті орган берген куәліктің детальдары (Өтініш беруші толтырады) |
|---|

| Куәлікті берген орган | Куәліктің түрі/класы | Куәліктің нөмірі | Куәліктің қолданылу мерзімі |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |

| 5. Біліктілік белгісі (Өтініш беруші толтырады) |
|---|
| Әр түрі және /немесе класы туралы (LPC) біліктілік дағдыларын лицензиялау жөніндегі біліктіліктің соңғы тексеру күнін немесе (RevalidationbyExperience) тәжірибесін қайта растау күнін, сондай-ақ емтихан қабылдаушы куәлігінің нөмірін енгізіңіз. |

| Біліктілік белгісі | Ұшқыш немесе аса мүшелі экипаждың ұшқышы (MP) | Тестілеу күні | Құралдар бойынша ұшуды тестілеу күні (IR) ( егер де қолданыл-са) | Біліктілік белгісінің қолданылу мерзімінің аяқталу күні | Емтихан қабылдау-шының куәлік нөмірі және оның тегі | Тек уәкілетті орган үшін |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

6А. Алғаш рет өтініш беруге (Өтініш беруші толтырады)

Алғаш рет алуға өтінішті беріп отырмын: Әуе кемесінің класы туралы біліктілік белгісі (нұсқаларын қоса ала отырып, көрсету): ........... ..: құрғақ құрлықта (land): поршенді – SEP (land)

☐

газотурбинді - SET (land)

☐

Әуе кемесінің түрі туралы біліктілік бағасы (Нұсқаларын қоса ала отырып, көрсету):
Екі ұшқыштан тұратын экипажы бар ұшуға арналып сертификатталған әуе кемесі

☐

.
Көтерілу күшін жоғарлату жүйесі бар әуе кемесі (нұсқауларын қоса алғанда):

☐

тікұшақ:

☐

1) Бір ұшқыш (SP)

☐

; Көп мүшелі экипаждың ұшқышы (MP)

☐

; және сол және басқа ұшқыш (SP / MP)

☐

Ұшудың крейсерлік деңгейіндегі ауысымды ұшқыш

☐

Көрінуі шектеулі жағдайдағы ұшулар (CatII / III)

☐

Тек қана екінші ұшқыш

☐

2) ӘКК ретіндегі ұшақтағы (тікұшақтағы) ұшудың жалпы сағат уақыты (PIC).......
3) Сондай-ақ ревалдеуді

☐

немесе (SPA/SPH) SE үшін

☐

(IR) құралдар бойынша ұшудың біліктілік белгісінің қолданылу мерзімін ұзартуды сұраймын

☐

; ME

☐

; немесе MPA/MPH (нұсқауларды қоса отырып): ............................,,,,, .

6B. Растау немесе тестілеу (Өтініш беруші толтырады)

Әуе кемесінің жоғарыда көрсетілген класын

☐

немесе IR құралдар бойынша ұшудың біліктілік белгісін қоса алғанда IR

☐

,
әуе кемесінің түрі туралы біліктілік белгісін беру үшін дағдылану тестін аяқтадым

☐

;
Дағдыларды тексеру күні: ...........................; Әуе кемесінің түрі және тіркелуі: ............ .................................
. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .
Кешенді тренажердің сәйкестендіру нөмірі (FSTD): .......................... ..............................................................
. . . .
Емтихан қабылдаушының тегі: ........................... Емтихан қабылдаушының нөмірі:…………..

Ескерту: Өтініш берушілер емтихан қабылдаушының тиісті үлгідегі есебі берілгенге дейін куәліктердің берілмейтіні туралы хабардар етіледі.

7А. Біліктілік белгісін жаңартуға өтініш (Өтініш беруші толтырады)

Біліктілік белгісін жаңартуға өтініш беріп отырмын:
Әуе кемесінің түрі туралы

☐

;
Әуе кемесінің класы туралы біліктілік белгісі (нұсқаларды қоса алғанда)

☐

; ұшақ

☐

; көтерілу күшін жоғарлату жүйесі бар әуе кемесі (нұсқаларды қоса алғанда)

☐

; тікұшақ

☐

, (IR) құралдары бойынша ұшуларға рұқсатты қоса алғанда

☐

;
Бір ұшқышпен (SP)

☐

; Көп мүшелі экипаждың ұшқышы (MP)

☐

; және сол және басқа ұшқыш (SP / MP)

☐

; екінші ұшқыш

☐

; Көрінуі шектеулі жағдайдағы ұшулар (CatII / III)

☐

; Ұшудың крейсерлік деңгейіндегі ауысымды ұшқыш

☐

;
Тек (SPA) үшін (IR) құралдары бойынша ұшуларға рұқсатты жаңарту:
(SPA) SE

☐

; ME

☐

үшін құралдары бойынша ұшудың біліктілік белгісі; ревалидация

☐

; жаңарту

☐

;
Жаңартылуы туралы куәлікке қол қойылды және біліктілік белгісі ............... .................... .................. дейін жарамды (күні) немесе Мен уәкілетті органнан расталған біліктілік белгісі бар куәлікті қайта беруді сұраймын

☐

7B. Біліктілігін тексеруді растау (Өтініш беруші толтырады)

Мен жоғарыда көрсетілген әуе кемесінің класын немесе IR енгізе отыра

☐

, біліктілік белгілерін жаңарту

☐

үшін біліктілік тексеруді аяқтадым

☐

Біліктілікті тексерген күні: ......................... ...
Әуе кемесінің түрі мен тіркеу:................,
Сәйкестендіру нөмірі (FSTD): .....................................
Емтихан алушының аты-жөні: ............................................. ................ Емтихан алушының нөмірі:
Мен жоғарыда көрсетілген әуе кемесінің класын немесе IR

☐

аспаптар бойынша біліктілік белгісін енгізе отыра, әуе кемесінің түрі туралы біліктілік белгісін

☐

;
беру үшін дағдыларды тексеруді аяқтадым

☐

;
Біліктілікті тексеру күні: ........................... Әуе кемелерін түрі және тіркеу: ............ ......................................
. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .
Кешендік тренажердің сәйкестендіру нөмірі (FSTD): ........................................... ...........................................
...... ..........................................
Емтихан алушының тегі: ......................................... Емтихан алушының нөмірі:

Ескерту: Өтініш берушілер емтихан қабылдаушының тиісті үлгідегі есебі берілгенге дейін куәліктердің берілмейтіні туралы хабардар етіледі.

8. Өтініш берушінің декларациясы (Өтініш беруші толтырады)

1) Осы үлгіде ұсынылған ақпараттың дұрыс екенін мәлімдеймін.
2) Мен барлық басқарушы нұсқауларды толығымен қарастырдым және өтінім беру үшін барлық қажетті құжаттарды ұсындым.

Қолы:………………….. Күні………………………….

9. Дағдыларды тексеру туралы есеп (уәкілетті органның инспекторы немесе емтихан алушы)

1. Емтихан алушы немесе инспектордың өтініші

☐

Мен бұл өтініш берушінің тіркеу журналын және /немесе оқу журналын қарап шықтым, яғни бұл адамның куәлікті алу үшін тиісті талаптарға сәйкес келетінін куәландырамын

☐

;
Куәліктер

☐

;
Біліктілік белгілері

☐

;
рұқсаттар

☐

;
куәлікті тану

☐

.

☐

Мен ұшу кітапшасын/ бұл үміткердің дайындығы туралы жазбаны нәтижелерімен төменде көрсетілген рәсімдер мен тиісті талаптарға сәйкестігін тексердім:

☐

мақұлданды

☐

бас тартылды – бас тарту туралы хабарлама (түпнұсқасы қоса беріледі)

☐

Мен өтініш берушінің радиотелефон байланысын жүргізу үшін тілдік талаптарға сәйкес екенін тексердім: ағылшын тілі.
Қолы…………………… ………… Күні…………………………
Емтихан алушының Т.А.Ә. (бас әріптер) (бар болғанда).................... ............ .

Ұшуды тексеру актісі қоса беріледі.

10. Уәкілетті органның рұқсаты (Уәкілетті орган толтырады)

1. Өтінім бойынша құжаттар ретке келтірілген, куәлік

☐

; біліктілік белгісі

☐

; рұқсат

☐

; немесе куәлікті тану

☐

берілуі мүмкін.
Куәлік

☐

, біліктілік белгісі

☐

, рұқсат

☐

немесе берілетін куәлікті тану

☐

, ____________________________________
2. Өтінімде келесі құжаттама жоқ, сондай-ақ ол өтініш берушіге қайтарылады. Жоқ құжаттама: _________
__________________________________________ ___________________________________________
____________________ ________________________________________________________________
Тексеруді жүргізген уәкілетті органының лауазымды адамының Т.А.Ә. (бар болғанда), лауазымы, қолы __
___________________________________________________ _________________ (Т.А.Ә. (бар болғанда)
(қолы) Күні ____________________________ (күні /айы /жылы)

11. Уәкілетті орган береді (Уәкілетті орган толтырады)

Берілген:
Куәлік _____________________ Қолданылу мерзімінің аяқталу күні ___________
Біліктілік белгісі________ Қолданылу мерзімінің аяқталу күні ___________
Рұқсат _____________________ Қолданылу мерзімінің аяқталу күні ___________
Куәлікті тану_____________ Қолданылу мерзімі __________________

| |
|---|
| Куәлікті берген уәкілетті органының лауазымды адамының Т.А.Ә (бар болғанда), лауазымы, қолы ____________________________________________ ______________<br>(Т.А.Ә. (бар болғанда) (қолы) |
| |

"Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Нысан

# Штурман куәлігін немесе біліктілік белгісін беру, қолданылу мерзімін ұзарту өтініш

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Өтініш берушінің ақпараты (Өтініш беруші толтырады) | | | |
| Лауазымы…………………. Аты …………….. Тегі………………………………….<br>Туған күні (күні, айы, жылы) …………………… Ұлты…………………………<br>Туылған жері …………………………… Елі …………………………<br>Тұрғылықты мекенжайы ……………………………………………………………………… …<br>……………………………………………….Пошталық индексі………………………<br>Телефон нөмірі ………………………. Баламалы телефон нөмірі……………………….. E-mail:………<br>…………………………………………………………………………… ЖСН………………………<br>Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін . 20 __ жылғы ______________"____" _____________ (қолы) | | | |
| 2. Өтініш берушінің декларациясы (Өтініш беруші толтырады) | | | |
| Бұл ретте мен әуе кемесінің түрі, штурманның өкілеттігі туралы біліктілік белгілеріне ................................ ....(әуе кемесінің түрі) енгізу үшін өтінішті, қажетті құжаттарды және штурман куәлігімді (бар болған жағдайда) қоса беремін.<br>Бұл нысанда келтірілген деректердің дұрыс екендігін растаймын.<br>Өтініш берушінің қолы ............................................. ................ Күні………………………… | | | |
| 3. Медициналық жарамдылығы (Өтініш беруші толтырады) | | | |
| Медициналық сертификаттың класы | Медициналық тексерудің соңғы күні | Мерзімінің аяқталу күні | Тек қана уәкілетті орган үшін |
| | | | |
| 4. Теориялық білімдерінің деңгейін тексеру (Емтихан алушы толтырады) | | | |
| Мен азаматтық авиацияның уәкілетті органының тұлғасы ретінде жазбаша түрде штурман куәлігіне енгізілген әуе кемелері туралы біліктілік белгілеріне қатысты теориялық білімдерінің деңгейін тексеруге тиісті түрде қол қоямын, осы ретпен менің …………………………………………… .............................................. .................................... нысандағы тестілеуден өткенімді және аяқтағанымды растаймын.<br>Оның куәлігін авиациялық бағалауда ............................. .......... (ұшақ түрі) енгізу үшін, сондай-ақ өтініш берушінің сол әуе кемесінде штурманның қызметтерін орындауға құзыретті екенін куәландырады<br>Қолы .............................................. .............. Күні.......... ................................................<br>Емтихан алушының Т.А.Ә. (бас әріптер) ............................................ ....... ……………..<br>Компания ....................................... .............................................................................<br>Компаниядағы лауазымы .......................................... ..................................................... | | | |

5. ӘК түрі бойынша біліктілік тексерісі (Емтихан алушы толтырады)

Мен әуе кемесіндегі тәжірибелік дағдыларының деңгейін тексеруге азаматтық авиацияның уәкілетті органының тұлғасы ретінде ӘК немесе бекітілген авиациялық тренажерде..................................................... .......................................... штурмандар тобымен өтініш берушінің менің қолым қойылған қарама –қарсы орында көрсетілген шарттарға, тексеру рәсімдеріне, іс-әрекет немесе жаттығуларға сәйкес бөтен адамның көмегінсіз қанағаттанарлық түрде және лайықты деңгейде орындағанын жазбаша түрде куәландырамын.

| Мәтіннің мазмұны | Тестілеуді сертификаттау | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Тест өткізу күні | Ұшақтың тіркеу нөмірі немесе тренажердің коды | Емтихан алушыныңТ.А.Ә. (бар болғанда) | Емтихан алушы-ның қолы | Күні | Лицензия нөмірі |
| Әуежай қызметтерінде ұшу алдындағы дайындық | | | | | | |
| ӘК ұшу алдындағы дайындық: ӘК сыртқы қарап тексеру | | | | | | |
| Талап етілген құжаттардың бортта бар болуы | | | | | | |
| Ұшуға навигациялық жабдықты тексеру және дайындау | | | | | | |
| Бақылау тізбелерін пайдалану | | | | | | |
| Қалыпты навигация-лық рәсімдер | | | | | | |
| Навигациялық әдістерді білу | | | | | | |
| Навигациялық әдістерді үйлестіру | | | | | | |
| Экипаж мүшелерімен өзара іс-қимыл | | | | | | |
| Авариялық рәсімдер | | | | | | |
| Ұшудан кейінгі тек-серу, істен шығуларды және бұзылған жерін анықтау және кеме құжаттарын дұрыс ресімдеу | | | | | | |
| Экипаждың ресурстарын басқару ( CRM) | | | | | | |

Ескерту: Егер де жоғарыда көрсетілген тізімде нақты әуе кемесінің түрі үшін сынақтың маңызды бабы болмаса, онда бұл элемент жоғарыдағы бос бағанға енгізіледі.

6. Дағдыларды тексеру туарлы есеп (Уәкілетті органның инспекторы немесе емтихан алушы )

1. Емтихан алушы немесе инспектордың өтініші

☐

Мен бұл өтініш берушінің тіркеу журналын және /немесе оқу журналын қарап шықтым, осы ретпен бұл тұлғаның куәлікті алу үшін тиісті талаптарға сәйкес келетінін куәландырамын

☐

;

куәлік

☐

;

біліктілік белгілері

☐

;

рұқсаттар

☐

;

куәлікті тану

☐

.

☐

Мен бұл үміткердің ұшу кітапшасын/төменде көрсетілген тиісті рәсімдер мен талаптарға, нәтижелеріне сәйкес дайындығы туралы жазбаны тексердім:

☐

мақұлданды

☐

бас тартылды/ бас тарту туралы хабарлама (түпнұсқасы қоса беріледі)

☐

Мен өтініш берушінің радиотелефон байланысын жүргізу үшін тілдік талаптарға сәйкес екенін тексердім:

☐

ағылшын тілі.

